

«№119 жалпыорта білім беретін мектеп» КММ

**ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ
ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ**

№4 ХАТТАМАСЫ

Күні: 19.12.2025 ж.

Қатысқандар, БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1. Мектеп директоры – Алдажар Г.Ж
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Батырхан Б.С
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Мусина Л
4. Әлеуметтік педагог- Кендірбай С.М
5. Медбике – Итенова А.М

Барлығы: 5 адам

Күн тәртібінде:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Тыңдалды:

1. **Әлеуметтік педагог – Кендірбай С.М,** Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы айтты. Соның ішінде Ахан Нұрислам Рүстемұлы 10 «Ә» сынып оқушысы әкесі Аханов Рустем Габдушевич (14.10.2025) қайтыс болуына байланысты тегін ыстық тамақ тізіміне ұсынды.
2. **Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау, бастауыш сынып оқушыларының тамақтандыруға бару кестесі**

Қамқоршылық кеңесі мүшесі- Мусина Л,

Мен, қамқоршылық кеңестің төрайымы Мусина Ләззат, әлеуметтік қызметкер Сәуле Мұхтарқызы және мейірбике Аксұлу Мергенбайқызымен бірге №119 мектеп оқушыларына арналған

асханадағы тағамдарды, пісірілген өнімдер мен десерттерді тексеріп, дәм таттық.

Асхана ұжымының жұмысын ерекше атап өткім келеді, барлық өнімдер стандарт бойынша таңбаланған. Ақ халат киген аспаздар үйлесімді оркестр сияқты жұмыс істейді: бірі турап жатса, екіншісі бұқтырып, үшіншісі тағам температурасын тексеріп жатыр. Мұнда бәрі қатаң ереже бойынша: тазалық сақталған, өнімдер арнайы аймақтарда сақталады.

Барлық қоймалар мен тоназытқыш камераларын аралап шықтық. Өнімдерді (ет, сүт, айран, көкөністер, жұмыртқа, кептірілген жемістер, ұн және т.б.) қабылдау журналдарын тексердік. Асхана қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларын қарап шықтық, барлығы уақытылы тексерістен өткен!

Сондай-ақ, мәзір мен тағамдардың мөлшерін (граммовка) қарадық, бәрі стандартқа сай және сатылым бағалары өте қолайлы. Жакын жерде бүкіл аптаға арналған егжей-тегжейлі мәзірі бар ақпараттық стенд орнатылған. Барлығы ашық әрі айқын. Мәзір бірыңғай, мемлекеттік деңгейде бекітілген және бүкіл ел бойынша қолданылады.




Ботканың дәмін көрдік, өте дәмді әрі жұмсақ, кант пен тұзы калыпты. Нан жаңа піскен, ірімшік (ірімшік өнімі емес!) дәмді, компот та қою әрі жақсы қайнатылған. Пісірілген самса пароконвектоматта дайындалады, көлемі орташа, жаңа тартылған сиыр етінен жасалған. Десерттерді (бәліштер мен торттарды) мектебіміздің өз наубайшысы пісіреді.

Осындай тазалық пен тәртіп, сыпайылық пен балаларымызға деген қамқорлық үшін барлық ұжымға алғыс айтқым келеді!

Шешімі:

1. Ата-аналардан келіп түскен өтініш негізінде жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.
2. 2025-2026 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылған.

Бракераждық комиссия мүшелері:

1. Мектеп директоры – Алдажар Г.Ж. 
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Батырхан Б.С. _____
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Мусина Л. 
4. Әлеуметтік педагог - Кендірбай С.М. 
5. Медбике – Итенова А.М. 